

ЖАҢА ӨЗЕНДЕГІ ЖЫЛ ЖАҢАЛЫҒЫ:



«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ

КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚАРЖЫЛАНДЫРАДЫ

Ел экономикасына серпін беретін сала – шағын және орта бизнесті дамыту ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың жыл сайынғы Жолдауында айтылып келеді. Онда басты мақсат – кәсіпкерліктің әлеуетін арттыру арқылы ел жағдайын көтеру, яғни бизнесті мемлекет экономикасының қозғаушы күшіне айналдыру. Осы негізде Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласында орта және шағын бизнесті қолдауға арналып аймақта бұрын-соңды болмаған «Нұр-Капитал» жобасының тұсауы кесілді. Ірі жобаны қаржыландырушылардың бірі – «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы. Компания жаңаөзендік кәсіпкерлерге 1%-бен берілетін несие жобасын қолдады. Бағдарламаны қаржыландыру «Даму» қорының және «Өзенмұнайгаз» АҚ жер қойнауын пайдалану келісім-шарты аясында жергілікті атқарушы органға беретін қаражаттары есебінен жүзеге асырылатын болады. Қаржыландыру көлемі 1 млрд. 50 млн. теңгені құрайды. Оның ішінде «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның 350 млн. теңге, «Даму» қорының қаржысы – 700 млн. теңге. Осы мақсатта облыс әкімі Ералы Тоғжанов, «Даму» қоры және «Өзенмұнайгаз» АҚ басшысы Бекзат Абайылданов үшжақты меморандумға қол қойды. Аймақ басшысы Ералы Тоғжанов: «Өзенмұнайгаз» АҚ 350 млн. теңге, «Даму» қоры 700 млн. теңге береді. Нәтижесінде барлығы 1 млрд. 50 млн. теңгені кәсіпкерлердің жобаларын қаржыландыруға

жұмсаймыз. Несие бойынша пайыздық мөлшерлеме «Бизнестің жол картасы – 2020» бірыңғай бағдарламасы аясында субсидияланатын болады. Яғни 10 пайызы субсидияланатын болса, қалған 1 пайызын ғана кәсіпкер төлейді. Бұл жерде ешқандай жергілікті бюджеттің қаражаты жұмсалмайды. Өңірдің әлеуетін арттыруға таптырмайтын жоба. Қолдау көрсеткен компанияға ризашылығымды білдіремін», – деді.

Жаңаөзен – еліміздегі санаулы моноқаланың бірі. Сондықтан өнім өндіру және қызмет көрсету бағыттарында жаңа нысандарды ашу, оларды қаржыландыру арқылы қала экономикасын әртараптандыру қажет. Мұнайшылар қаласы арқылы түрлі туристік бағыттар өтеді. Атап айтар болсақ, «Кендірлі» демалыс аймағы, табиғи және діни мазмұнды көрікті жерлер. Сондықтан жаңа қызмет көрсету орындарын көптеп ашып, сервисті жетілдіру қажет. Бағдарламаның жүзеге асыру қажеттілігі де осыда. Сондай-ақ кәсіпкер, бастысы, өнім өндіру керек. Ауыл шаруашылығы, жеңіл өнеркәсіп және құрылыс саласында ісін бастағандарға жеңілдік бар.

Өңірде ғана емес, мемлекетте тұңғыш рет қолға алынып отыр деп кәсіпкерлер тарапынан бағаланған жоба жыл жаңалығына баланды. Айта кетейік, Жаңаөзенде жеңілдетілген несиені алып, кәсіп ашуға ынта білдіріп отырғандар аз емес.



ҮЛКЕНГЕ – ҚҰРМЕТ...

30 мұнайшы зейнеткерлікке кетті

«Өзенмұнайгаз» АҚ 30 қызметкерін зейнеткерлік демалысына жіберді. Кен орынның игерілуіне өз үлестерін қосқан мамандарды басшылық зор құрметпен шығарып салды.



Күні бүгінге дейін мұнай саласында ел игілігі үшін еңбек еткен қызметкерлерді компания басшылығы салтанатты түрде шығарып салды. Оларға бас директордың алғыс хаты мен бағалы сертификаттары табысталды. Мұнайшыларды құрметті демалыстарына шығарып салу салтанатына бұрын зейнеткерлікке кеткен ардагер де шақырылды. Барлығы 250 адам арнайы жайылған дастарханның сыйлы қонағы болды. Салтанатты шарада бас директордың транспорт және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі орынбасары Мақсат Ибағаров пен Кәсіподақ ұйымының төрағасы Наурыз Сақтағанов қатысты. «Бейнеттің де зейнеті бар. Өзен кенорнының дамуына өлшеусіз үлес қосып, Жаңаөзен қаласында Қазақстанға қосқан үлестеріңіз үшін Сіздерге алғысымызды білдіреміз. Ұзақ ғұмыр кешіңіздер», – деді өз сөзінде М.Ибағаров.

Мерекеде ән мен күйден шашу шашылды. Өмірінің мәнін еңбектен тапқан ардагерлер өздеріне құрмет көрсеткен ел азаматтарына риясыз алғыстарын білдірді.

Жалпы мекемеде 1500-ге тарта зейнеткер бар. Қызметкерлерді зейнеткерлік демалысына шығарып салу, сондай-ақ оларға бұрынғы үлкендерді қосып, құрмет көрсету – Өзенмұнайгаздың дәстүрлі шарасы.



ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

ӨЗЕНМҰНАЙГАЗДЫҚТАР

жәрмеңкеге қатысты

Жаңаөзен политехникалық-кәсіптік колледжі жанындағы «Жан-ару» мейрамханасында Маңғыстау облысы колледждері қатысқан «Шын жүректен» атты қайырымдылық жәрмеңкесі өтті.

Жәрмеңкеге бас директордың транспорт және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі орынбасары Мақсат Оңғарбайұлы бастаған бір топ өзенмұнайгаздық азаматтар қатысып, сауда-саттық жасады.

Бар әңгіме адамгершілікте, имандылықта, мейірімділікте. Осы қастерлі қасиеттер әрқайсымыздың бойымызда көп болса нұр үстіне нұр болар еді.



ҚЫСТЫҢ ҚАМЫН ЖАЗДА ОЙЛА

«Қыс – 2017»

Акционерлік қоғам еліміздің барлық өңірлерінде ұйымдастырылған «Қыс-2017» командалық-штабтық оқу-жаттығуларын өткізді. Мақсат – қылышын сүйреткен қыраулы мезгілге дайындық. Төтенше жағдайлардың алдын алу, оны жоюға басқару органдары мен күштерді даярлау. Маңызды шараға Бұрғылау жұмыстары, Технологиялық транспорт, №2,3,5 Скважиналарға қызмет көрсету, Химияландыру және экология, Өзенэнергомұнай басқармалары қатысты. Барлығы 70 техника мен 150-дей адам оқу-жаттығуында төбе көрсетті.

Жаңаөзен қаласы кәсіпорындарының қыс мезгіліне дайындықтары шара соңында жоғары деп бағаланды.



Жол-көлік апатынан қаза тапқандарға көңіл айтамыз

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының басқарма мүшелері және еңбек ұжымы 25 қараша күні Теңге ауылында (темір жол өткелінде) тепловоз бен қоғамдық көлік соқтығысуының салдарынан қайтыс болған азаматтардың отбасына, ағайын-туыстарына орны толмас қайғыларына ортақтасып көңіл айтады. Сонымен бірге аталған жол апаты салдарынан жараланған азаматтардың сауығып кетуіне тілекшілігін білдіреді.

Орын алған оқиғаға байланысты «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы қаза болған және жараланған азаматтардың отбасына жалпы сомасы 10 миллион теңге, оған қоса «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының мердігер ұйымдары («Бұрғылау» ЖШС, «ӨМС» ЖШС, «МФС» ЖШС, «СӨТБ» ЖШС, «Жанарыс» ЖШС, «Азиямұнайгазгруппсервис» ЖШС, «Кезби» ЖШС, «КҚС» ЖШС, «Құлагер» ЖШС, «KMG EP Catering» ЖШС т.б.) жалпы сомасы 9,4 миллион теңге көлемінде қаржылай қолдау көрсетті.

Қаза болған азаматтардың жерлеу рәсіміне қажетті транспорттық және өзге де ұйымдастыру жұмыстары бойынша жәрдем берді.

Сондай-ақ «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы еңбек ұжымы ерікті түрде аталған отбасыларға қаржылай қолдау көрсетуді ұйымдастырды.



ӨНДІРІС ТІРЕГІ

ДАМУ КОНЦЕПЦИЯСЫ – КЕЛЕШЕККЕ ЖАСАЛҒАН СЕНІМДІ ҚАДАМ

Қазіргі таңда «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы аса маңызды стратегиялық жобаларды іске асыруға бет бұрып отыр. Компанияда ұзақ мерзімді даму концепциясы жасақталды. Маңызды технологиялық жаңғырту мәселелері бойынша ӨНДІРІС ЖӨНІНДЕГІ БАСҚАРУШЫ ДИРЕКТОР ЕРМЕК БОЛАТБАЙҰЛЫ ҚАРАМҰРЗАЕВпен сұхбаттасқан едік.



– Ермек Болатбайұлы, компанияның ұзақ мерзімді даму концепциясы жасақталғанын білеміз. Маңыздылығын айтыңызшы.

– Елбасының «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» деп аталған жолдауы аясында мұнай-газ саласы кәсіпорындарын технологиялық жаңғырту мәселелері қолға алынуда. Осы орайда «ҚазМұнайГаз» БӨ» Акционерлік қоғамының Бас директоры Құрманғазы Орынғазыұлы Есқазиевтің бастамасымен компанияда ұзақ мерзімді даму концепциясы жасақталды. Бұл – келешекке жасалған сенімді қадам. Концепция дүниежүзіне белгілі Royal Dutch Shell (Шелл), Eni S.p.A. (ЕНИ) компанияларымен қатар И.М.Губкин атындағы Ресей мемлекеттік мұнай және газ университетінің, Уфа қаласындағы Ғылыми-техникалық орталық ұжымымен, «ҚазМұнайГаз» өндіру және бұрғылау технологиялары ғылыми-зерттеу институты» ЖШС және «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ мамандарының қатысуымен бірігіп жасақталды.

– Алпауыт компаниялардың тәжірибесіне сүйеніп, олардың білікті мамандарының қатысуымен жасақталған даму концепциясы аясында атқарылатын шараларға тоқталсаңыз?

– Мысалға айта кететін болсақ, концепцияда бұрғылаудан кейін пайдалануға берілген скважиналардың өнім беру тиімділігін жоғарылату мақсатында геологиялық қорды нақтылау жұмыстары қарастырылған. Жоба аясында скважиналарға жасалатын геофизикалық зерттеулердің интерпретациясының біріңғай жүйесі жасақталатын болады, сынамалы телім бойынша қайта интерпретациялау, барлауға дейінгі бағдарлама жасақтау, геофизикалық тәсілдермен анықталған есепте жоқ қабаттарды сынау жұмыстары іске асырылады. Өзен және Қарамандыбас кенорындарына іргелес орналасқан жерлерде сейсмикалық барлау жұмыстары жүргізілуде. Алдағы уақытта тереңдігі 3500 және 6000 метрлік скважина қазу жоспарланып отыр. Біз терең бұрғылай отырып, төменгі қабаттарды зерттеуіміз керек.

Қазіргі таңда қабат қысымын сақтау жүйесі – Өзен кенорнындағы басты мәселелердің бірі. Қабатқа 50 жылдан бері теңіз және ілеспе суды

айдап келеміз. Теңіз суын пайдалану салдарынан қабаттың қышқылдануы, өндірілген өнімде тұздың тұнуы, коррозия және тағы да басқа проблемалық сұрақтар туып отыр. Жерасты жабдықтары – сораптардың, құбырлардың, шыбықтардың көпке ұзамай пайдадан қалуының негізі себебі – осы. Қабатқа айдайтын судың сапасын жақсарту мақсатында өндірістік процестерді химияландыруға күш салғымыз келеді. Бұл орайда қазіргі таңда жоғарыда аталған институттардың мамандарының қатысуымен өндірістік-тәжірибелік сынақтар өткізілуде. Су көзін таңдау, қабат қысымын сақтау жүйесіне бактерицид қосу, судағы оттегіні жою, бактерияларды бақылау бағдарламасы, тиімді ингибитор мен бактерицид таңдау арқылы сульфат-түзгіш бактериялармен күресу, т.б. күрделі де жауапты жұмыстарды жүргізу жоспарымызда бар.

Күрделі мәселелердің бірі мұнайдан суды алдын ала айыру қондырғылары. Бұл қондырғылар салынғалы бері сұйықтық өндіру көп өзгерді. Қазіргі таңда №1 Мұнайдан суды алдын ала айыру цехы 11%-ға, №2 Мұнайдан суды алдын ала айыру цехы 21%-ға жобалық қуатынан жоғары сұйықтықпен жұмыс істеп тұр. Цехтардың жобалық қуатын одан әрі арттыра беретін болсақ суды айыру технологиясына кері әсерін тигізуі мүмкін, сол себепті тиімді деэмульгаторлар таңдау үшін ғылыми зерттеу жұмыстарын атқаруды, инфрақұрылымды реттеуді қолға алуымыз керек.

Скважиналардың жерасты жабдықтарының жөндеу аралық кезеңін ұзарту да негізгі стратегиялық жобаларымыздың бірі. Біз мұны саты-сатымен 2017 жылдан бастап, 2022 жылы 300 тәулікке жеткізгіміз келеді. Осы мақсатта тереңдік сораптық жабдықтардың қабылдау сапасын жақсарту, скважинаға жіберілетін жабдықтарды таңдауда программалық әдістемелерді қолдану, скважиналарды өңдеу және жөндеуге дайындау технологиясын сақтау регламенттерін жасақтау, скважиналарды өңдеу сұйықтығының құрамы мен технологиясын жақсарту, деректер мен үздік тәжірибелерді таңдау мақсатында ізденіс жұмыстарын жүргізу, химиялық ингибиторларды қолдану тағы осы секілді көптеген әдістер бойынша жүйелі жұмыстарды жоспарлап отырмыз.

– Өндірісті электр энергиясымен қамту өзекті

мәселенің бірі болып келеді. Осы тұрғыда қандай жұмыстар көзделген?

– Өндірісті электр энергиясымен қамту күні бүгінге дейін өз маңыздылығын жойған емес. Өзен, Қарамандыбас кенорнында тоқ таратушы мекеменің және біздің де жабдықтарымыз араласып жатыр және олардың басым бөлігі ескірген. Ауа райының құбылуына байланысты жауын-шашынды күндері тоқтың сөніп қалуы салдарынан тербелмелі қондырғылардың тоқтап қалуы жиі орын алады. Мұның нәтижесінде барлығымызға белгілі, мұнай өндіру көрсеткіші төмендеп кетеді. Алдағы уақытта біз сыртқы энергияның тәуелділігінен арылуымыз керек. Сол себепті, автономды газды турбиналық энергостанцияны салуды жоспарлап отырмыз. Біз бұл бастама туралы осыған дейін де айтқан болатынбыз. Қазіргі таңда жоба «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ инвестициялық комитеті қарауында, 2017-2018 жылдары техико-экономикалық негіздеме жасақталып бітеді. Мұндай тәжірибе көршілес мұнай компанияларында бар және олар көңілдегідей нәтижеге қол жеткізді.

– Өндірістегі өлшегіш құралдарына қаншалықты көңіл бөлініп отыр?

– Иә, өндірістегі өлшегіш құралдары да басты назардағы мәселенің бірі. Қысым, температура, сұйықтық есептеу аспаптарын модернизациялап, мөлшерлеу өнімімен мен парктік өнімнің арасындағы ауытқуды қысқартуымыз керек. Сол себепті, автоматтандыру жүйелерін жаңарту жалғаса береді.

Әрине, аталған жұмыстар бір күнде шешілетін мәселе емес, біз бұл бағыттағы жұмыстарды жоғарыда аталған компаниялардың тәжірибесі және кеңесімен бірлесе отырып, жан-жақты сараптап барып жасаймыз. Дегенмен қазіргі таңда компаниямыздың басшылығының қолдауымен аталған жоба қолға алынып, нақты жұмыстар басталып кетті. Біз ағымдағы жұмыстарды сауатты түрде іске асырумен қатар, Компанияның жарқын болашағын қалыптастырумен шұғылдануымыз қажет.

– Сұхбатыңызға рахмет! Жобалардың сәтті жүзеге асуына тілектеспіз.

Сұхбаттасқан Индира СӨТЕНБАЕВА.



«Өзен кенорнын игеру бағытында барлау-бұрғылау жұмыстарын жүргізетін іздестіру экспедициясының құрамында Қызылсайға 1959 жылы келіп қоныстанған 5 отбасының бірі – Бегалиевтер отбасында дүниеге келдім. Мен ол кезде небәрі 1 жасым жаста едім».

«Қарашаңырақ Қызылсай» кітабы.



ОЛ БІЛЕТІН МҰНАЙШЫ ДЕГЕН БІР-АҚ МАМАНДЫҚ БАР

Халел Нұрадинұлының есін білгелі көргені – мұнайшылар. Өзен кенорнын алғаш игеруге келгендердің қатарындағы отбасының баласы жер бетінде басқа кәсіп болатынын білген де емес. Қара жерден байлық алған әке – алғашқы ұстазы, бой түзеген құбыласы еді.

Олар Қызылсайдың «Верхний» ауылында тұрды. Халел мектеп табалдырығын 1964 жылы аттады. Он жылдықты бітіргесін-ақ еңбек жолын бастайды. Алғаш «Манғышлақнефть» ӨФ «Өзеннефть» мұнай-газ өндіру басқармасында 1-дәрежелі слесарь-жөндеуші болып жұмысқа орналасады. 1974-1978 жылдар аралығында басқарманың қыздыру пештерін күрделі жөндеу цехында слесарь-жөндеуші болады. Арада Отан алдындағы борышын да өтеп келеді. 1979-1984 жылдар аралығында Алматы қаласындағы В.И.Ленин атындағы институттан тау-кен инженері мамандығын меңгереді. Одан соң Халел Нұрадинұлы 1984-1996 жылдар аралығында мұнай-газ өндіру цехында оператор, инженер-технолог, орталық инженерлік-технологиялық қызметінің ауысым басшысы, мұнай кәсіпшілігі басшысының орынбасары болып, басшылық қызметке дейін атқарады. 1996-2007 жылдары №2 МГӨБ-те өндірістік техникалық бөлім басшысы, өндірісті жедел басқару бөлімінің басшысы, басқарма басшысының орынбасары болады. 2007 жылдан бастап бүгінге дейін ол №4 МГӨБ орталық инженерлік-технологиялық қызметінің жетекшісі.

Тынымсыз жұмыс, мұнай өндірісіндегі әр күнгі тиянақты қызметіне лайықты несібесін де тауып жүр. «Көзімізді ашқалы көріп келе жатқанымыз осы мамандық. Мұнайшы болғаныма түк те өкінбеймін. Керісінше қазаққа бұйырған ең байлықтың бір бөлшегіне үлес қосып жатқаныма өзімді бақытты сезінемін. Халыққа, елге шамамыз келгенше еңбек еттік», – дейді ол.

Еңбегінің тиісті бағасын да алып жүр. Халел Бегалиев ҚР мұнай кәсіпшілігі қызметкерлерінің мерекесіне орай «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Құрмет грамотасымен, Өзенмұнайгаздың 50 жылдығына орай өндірістегі жоғарғы жетістіктері үшін төсбелгімен марапатталған.

Әкесі мен анасының сүттей ұйыған отбасының тірегі мен жүрегі болғандығы Халелге үлгі болған. Бүгінде жары Светок екеуі ұл-қыз өсіріп, немере-жандарын қызықтап отыр.

Өмірінің 40 жылдан астам уақытын қара алтын өндірісіне арнаған Халел Нұрадинұлы желтоқсанның 9-ы күні асқаралы 60 жасқа толды. Барша әріптестері атынан жаңа жасымен құттықтап, өмір жасының ұзақ, денінің сау болуына тілектестік білдіреміз.

ТАТУЛЫҚ – ЖЕТІСТІК КЕПІЛІ

№1 Мұнай-газ өндіру басқармасы №4 Шоғырланған сораптар станциясының шебері Естай Қарашаев 25 жылдан бері мұнай саласында қажымай-талмай еңбек етіп жүрген жұмыскердің бірі. Еңбекқор, бойында ұйымдастырушылық қабілеті мол маман еңбек ұжымымен өздеріне тиісті 76 скважинаның жай-күйін күнделікті қадағалап, олардың үздіксіз, тұрақты жұмыс жасауын қамтамасыз етеді.

«Ұжымда 8 машинист, 5 оператор, 2 слесарь-жөндеуші жұмыс жасайды. Бір отбасының балаларындай татумыз. Әріптесіміз Нұрлыбек Әділмұхамедов бір жылдары «Үздік маман» сайысына қатысып, компанияның үздігі атанды. Жалпы жұмысшы кәсібін насихаттау, еңбек адамының мәртебесін арттыру мақсатында өткізіліп жүрген байқаудың жыл сайын қарқын алуы бізді қуантады» – дейді ол. Мұнай саласында 16 жылдан бері еңбек етіп жүрген Жомарт Шеркешбаев ауыр жұмыстан кейін үйде алаңсыз тынығуға жағдай жасап, отбасының шырайын кіргізіп отырған келіншектерін ризашылығын білдіруді де ұмытпады.

Тату ұжымның өндірісте үлкен жетістікке жететініне сеніміміз мол.






Кәсіптің ебін ТАПҚАНДАР

№2 Мұнай-газ басқармасы 43 топтық қондырғының шебері Мырзахан Айбергенов мұнай саласында 23 жылдан бері жұмыс жасап келеді.

2007 жылдан бері жұмыс жасайтын слесарь-жөндеуші Қалдыпалуан Жөнеуов «өндірістің ыстық-суығына шыдаған адам ғана істің тілін табатынын» айтады.

Берік Қарамұрзаев, Жәния Сеңгірәлина, Нұрбек Тілеуов, Бегалы Қаржаубаев, Оразбай Тұрсынбай сияқты білікті мамандардан құралған еңбек ұжымы қыста пана, жазда сая болатын мәдени үйшіктерінің ескіргенін алға тартты. Осыдан 2 жыл бұрын күрделі жөндеуден өткізілген мәдени үйшік расында да жаңартуды күтіп тұр.

Аталмыш нысанды салу жоспарда бар екендігін айтқан шебер «компаниямыздың әл-ауқаты, тұрмыс дәрежесі жыл өткен сайын жақсарып, жұмыскерлердің көңіл күйінде ертеңгі күнге деген сенімділік пен үміттің оты күшейе түсуде» – деді.



БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ – ЕҢБЕКТЕ

Қаршадайынан еңбекке араласып, бүгінде 60-ты алқымдаған ағадан жақсы өмір сүрудің құпиясын сұрағанымызда «Бақыттың кілті - еңбекте», - деді. Таңдамай, талғамай, табан тіреген жерде тапжылмай қызмет ету бар жақсылыққа бастайтынын айтты.

Қуанғали Шілтенев 1961 жылдың 15 сәуірінде өмірге келген. 1967 жылы Қызылсайдағы мектептің табалдырығын аттап, білім нәрімен сусындайды. Орта мектепті бітіре салысымен мұнай-газ саласына жұмысқа орналасады. «У-40» Комсомол жастар бригадасында шебер Ақжан Кадимованың қарамағында үйренуші оператор болып қызмет атқарады. Шабысы көп, табысы аз мамандықты бала Қуанғали қомсынбайды. Керісінше, бар ынта-ықыласымен атқарады. Одан соң 2 жыл ауған жерінде әскерде болып, азаматтық борышын орындайды. Елге келген соң үйленеді. Еңбекқор жігіт қайтадан жұмысқа араласады. «Содан бері 40 жылға таяу уақыт өтті. Еңбектің қазанында қайнап келеміз», – дейді Қуанғали Өтегенұлы.

Мұнай-газ операторы, шебер, цех басшысының орынбасары, цех басшысы сияқты әке-көкесіз, адал еңбекпен баспалдақтап қызметте көтеріле берген ол – бүгінде №2 Мұнай-газ өндіру басқармасы №2 Скважиналарды зерттеу цехының басшысы.

Қара алтын өндірісінің қыр-сырын әбден ұғынған Қуанғали Өтегенұлы «Өмірлік ұстанымым – елге қызмет ету еді. Сол миссиямды қалтқысыз атқарып келе жатырмын деп есептеймін. Білмегенге үйреттік, білгеннен үйрендік», – дейді. С.Әбенев, Смағұлов, А.Кадимова көпті көрсеткен, кәсіби өсуіме ықпалдасқан ұстаздарым деп білсе, алдына шыққан шәкірттері ретінде Қ.Мыңтұрғанов пен Г.Қаналиевті атады.

Мұнай өндіру саласына өмірінің көктемін, жазын арнаған Қуанғали Шілтенев жастарға патриот болу керектігін айтады.

«Артқа шегініс жасауға болмайды, қашанда алға қарай адымдау керек. Бізге мемлекет не береді деп емес, біз елімізге не береміз деуіміз керек», – дейді.

Ол кенорында мұнай өндірумен шектеліп қана қойған жоқ, қоғамдық жұмыстарда да белсенді болды. Әлі де шыққан биігінен түспеген Қуанғали аға жастарға үлгі-өнеге болып, өзінен кейінгілерге жол сілтейтіні анық. Өмірі өндіріспен біте қайнасқан азаматтардың үйретері көп.

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗДЫҢ» «ЖІГІТ СҰЛТАНЫ» КІМ?



«Мұнайшы» мәдениет сарайында «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы Жас мамандар кеңесінің ұйымдастыруымен өткен «Жігіт сұлтаны» сайысы өтті. Сайысқа компанияның аппарат басқармасы, №3 Мұнай-газ өндіру басқармасы, №2 Скважиналарға қызмет көрсету басқармасы, "KMG EP-Catering", «ӨМС», «ОргСнаб-НП» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінен сайысқа қатысқан жігіттер өнерімен, білімімен, күшімен жарысып, бақ сынасты. Сайысты бас директордың транспорт және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі орынбасары, әділқазылар төрағасы Мақсат Ибағаров ашып, байқауға қатысушыларға сәттілік тіледі. «Сәлем – сөздің анасы» демекші, алғашқы тур «Сәлемдесу» деп аталды. Жігіттер өздерінің кім екенін, қайдан екенін, қайда бара жатқанын айтып, көрермендерге қара сөзбен, өлеңдетіп өздерін таныстырып жатты...

Бірінші болып сахнаға «ОргСнаб-НП» ЖШС қызметкері Серікбай Балтабаев бастады. Сәлемдесуді екінші болып бастаған №2 Скважиналарға қызмет көрсету басқармасының жұмыскері Қанат Ақбаев әжептәуір домбырамен бастап еді. Дайындығының кемшін түскені білініп-ақ қалды. «ӨМС» ЖШС қызметкері Дәулет Нөкерев өзінің «Кең даламен сырласу» монологу барысында өзін, өзінің арманын таныстыруды мақсат етіп алыпты...

Алайда Дәулеттің дауысында да, іс-қимылында да табиғилықтан гөрі жасандылық басым түсіп жатты. Аппарат басқармасынан шыққан әріптесіміз Ерлан Тағаев та сәлемдесуде мүдіре берді. Өнер сайысында Қанат Ақбаев домбырамен күй тартты, Ерлан Тағаев пантомима ұсынып, бүкіл әлем сүйсініп

көретін Чарли Чаплиннің образын сомдап, көрермендерді таңқалдырды. №3 МГӨБ жұмыскері Берік Қорғанбаевтың сомдаған мүгедек баланың образы, оның жан-дүниесіндегі толғанысы мен тебіренісі тасбауыр қоғамға айтылған лағынет іспеттес.

«ӨМС» ЖШС қызметкері Дәулет Нөкерев Сирияға кетіп, сергелдеңге түскен бауырымыздың өмірін ойнады. Жалпы қатысушылар «сүрініп кетіп, бүлініп жүрген тағдырларды» көрсетті. Мүмкін олар, көрерменге ой салуды көздеген болар... Алайда өмірдің тек драмадан тұрмайтынынын ескерсек, қатысушылар жанр таңдауда біржақтылыққа ұрынған іспетті. Логикалық және ситуациялық сұрақтарға келгенде жігіттердің осалдығы білініп қалды. Ерлан Тағаевтың үлесіне тиген «отырып алып жүре беретін кім?» деген сұраққа Ерлан «жүргізуші» деп жауап берді. Дұрыс жауап: «Шахматшы!» – болып шықты. «ОргСнаб-НП» ЖШС қызметкері Серікбай Балтабаевқа «егер сіздің үш тілегіңіз орындалады десе, қандай тілек тілер едіңіз» деген сұрақ қойылды. Балтабай «ел амандығы, жұрт тыныштығы, әрбір отбасындағы бақыт...» деген жаттандылау жауап түрін ұсынды. №3 МГӨБ жұмыскері Берікке «домалақ қарбыз ортасынан бөлінді. Қарбыздың бірінші жартысы неге ұқсайды?» – деген логикалық сұрақ қойылды. Берік ойланбастан «бұл сұраққа кішкентай бала да жауап бере алады деп ойлаймын. Қарбыздың бірінші жартысы, қарбыздың екінші жартысына ұқсайды» – деп дұрыс жауап берді. Сайыста әннен, әзілден шашу шашылды. Сайысқа бір жылдары «Жігіт сұлтаны» сайысының жеңімпазы болған, бұл күнде ел тізгінін ұстап жүрген ел азаматтары Бектұрбай Қиялбаев пен Бауыржан Мәмбетсапаев қатысты. «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» бас жүлдені Берік Қорғанбаев (№3 МГӨБ), I орынға Серікбай Балтабаев («ОргСнаб-НП» ЖШС), II орынға Дәулет Нөкерев («ӨМС» ЖШС), III орынға Ерлан Тағаев (аппарат басқармасы) ие болды.

Жеңімпаздар диплом мен ақшалай сыйлыққа ие болды. Сайыс өте жоғары деңгейде өтті.

Мен «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының дамуына барынша үлес қосып, 45 жыл жүргізуші болып жұмыс жасадым. Өткен 2016 жылы Технологиялық транспорт басқармасынан зейнеткерлікке шықтым. Зейнеткерліктің де өзіндік ләззаты бар болып шықты. Бастықсыз өмір сүрудің рахат екенін түсінгендей болдым.

Бейнет аяқ астында екен. Ойламаған жерден қатты ауырып қалдым. Құдайға шүкір, азамат балам облыстық ауруханаға апарып орналастырды. Ауруханада ес-түссіз 4 күн жатып, бесінші күн дегенде есімді жидым. «Өзекті жанға бір өлім» екенін түсінгенмін, бірақ жан шіркін тәтті екен. Бірінші Алланың қалауымен, одан қала берді, аурухананың білікті дәрігер-хирургі Сағат Аманқосұлы Бітімовтың қайратымен өмірге қайта оралдым. Ота сәтті өтті.

Адам дені сау болып, шапқылап жүрген кезде, бір күндік жарық сәуленің қаншалықты қымбат екендігін сезбейді екен. Біздің бақытымыздың оннан тоғызы денсаулығымызға байланысты екендігін түсіндім.

Сондай ауыр күрсінесті күндерімде Технологиялық транспорт басқармасы директоры Жамбыл Ноғаев пен кәсіподақ төрағасы Жанболат Қыдырғалиев

АЛҒЫС АЙТАМЫН!

бастаған бір топ азамат үйге келіп, көңілімді сұрап шықты. Азаматтардың адамгершілігіне риза болып, кәдімгідей марқайып қалдым. «Жақсы сөзге жан семіреді»-деген емес пе?! Олардың сөздері маған қолдау болып, құлан-таза сауығып кетемін деген үміт отымды үрлеп, сенімімді арттырды. Қазір жағдайым алхамшүкір!

Басыма сынақ түскенде көмек қолын созған дәрігер-хирург Сағат Бітімовке, сондай-ақ жылы сөздерімен жанымды жылытқан әріптестеріме Алланың нұры жаусын деймін.

«Тіршіліктің қызығы адамзатқа жақсылық қылуменен болып көрінеді»-деп жазыпты Міржақып Дулатұлы. Бес күн тіршілікте бір-бірімізді сөзбен де, іспен де қолдап, мейірімділік танытып жүрейік, бауырлар. Жасаған жақсылықтарыңыз Алладан қайтсын! Отбасыңыз аман, дендеріңіз сау, жұмыстарыңыз табысты болғай!

Рахман ИСМАҒАМБЕТОВ,
«Өзенмұнайгаз» АҚ зейнеткері.



Театр рухани мереке сыйлады



1 желтоқсан – ҚР Тұңғыш президенті күні мерекесіне орай «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының демеушілігімен Жаңаөзен қаласына облыстық Н.Жантөрин атындағы музыкалық-драма театры іссапармен келді.

Театр шымылдығы «Әлиханнның аманаты» пьесасымен ашылды. Ұлты үшін еңбек етуді парыз деп есептеген алашордашылардың жанкештілігіне қарап отырып, өскелең ұрпақ тәуелсіздіктің аспаннан түспегенін жан-дүниесімен ұғынып, терең сезінді. «Бұл қазақта жігіттер бар нарқасқа» демекші, қазақтың нарқасқа жігіттерінің бірін қалдырмай қырып тастаған зұлмат заманға лағнет айтты көрермен. Жылады, жүрегі ауырды. Театр әртістерінің талантына тәнті болды.

Театр сахналаған Әбіштің «Абылай ханы» ел-жұртымыз басынан кешкен қилы кезеңдерге ат басын бұрғызады. Қазақ тарихына біржола бекітілген тұлға қазақ барда мәңгі-бақи өз тұғырында қала бермек. Театр ұжымы ұсынған «Бір түп алма ағашы» драмасында арбаға таңылған мүгедек жігіттің жан айқайы, тумаластарының бауырының тағдырына деген немқұрайлылығы, анасының қырық жамау болған жаралы жүрегі... бәрі-бәрі санаға сілкініс тудырып, өмірге басқаша көзбен қарауға итермелейді. Адамды ізгілікке, мейірімділікке жетелейді. Тәубаңа түсіреді. Театр гастролін «Бес бойдаққа бір той» атты комедиямен тамамдады. Жабылу кешінде сөз алған Мақсат Оңғарбайұлы өнер ұжымына қала тұрғындарының атынан риясыз алғысын білдірді. «Қазақстанда 50 театр бар болса, өзіміздің Жантөрин атындағы музыкалық-драма театры рейтингі бойынша алдыңғы үштікке кіреді. 14 жылдан бері жұмыс жасап келе жатқан театрдың репертуарында 70 спектакль бар. Осы 4 күннің ішінде театр бізді біресе мұңға бөледі. Біресе күлдірді. Бір сәт күйі тірліктен бас көтеріп, рухани жаңғырып қалдық» – деді ол.

Мереке қарсаңында көпшілікке рухани демалыс сыйлаған театр ұжымы қаламызға компания демеушілігімен тұңғыш рет келіп отырған жоқ. Болашақта да осындай игі шаралар жалғасын таппақ.



«PRIME GAMES» уақыты

Тұңғыш рет «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ компаниялары арасында "Prime Games" зияткерлік ойыны өтті.

"Prime Games" зияткерлік сайысы 2017 жылдың 11 қарашасы күні Астана уақытымен Елорда төрінде сағат 11.11-де басталды. Тұңғыш рет өткізілді. Кездейсоқтық емес, жоспарлы, маңызды бастаманың жан-жақты есте қалуы үшін белгіленген уақыт, ұйымдастырылған жұмыс. Ұмыттайын десеңіз де ұмыта алмайсыз!

Қазақстанның түкпір-түкпірінен ойынға «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ға қарасты ақылды, тапқыр, ұшқыр ойлы қызметкерлерінен жинақталған 13 команда қатысты. Олардың қатарында "Өзенмұнайгаз" АҚ Жас мамандар кеңесінен құралған зияткер жастар тобы да болды. Шара Әлеуметтік өзара ықпалдастық және коммуникациялар орталығының ұйымдастыруымен өтті.

Ойын тартысты, қызық, қиын болды. Ұтқыр жауапты, жылдамдық пен білімділікті талап етті. Біздің команда "Prime Games" ойынынан жүлделі орын алған жоқ. Алайда жігер мен қайсарлық танытып, көпшілік ықыласына бөленді. Сонымен қатар компаниямыздың жас маманы, "Ой дода" зияткерлік сайысының ұйымдастырушысы Бауыржан Бәйімбетов сайысты жүргізу мәртебесіне ие болды.

Шараға «Өзенмұнайгаз» АҚ командасының баруын қолдаған Бас директордың әлеуметтік сұрақтар және транспорт жөніндегі орынбасары Мақсат Оңғарбайұлына, қатысуға мүмкіндік берген Ербол Исмаилов мырзаға ерекше алғысымызды білдіреміз.

Мақсат ЖӘМИЛОВ,

«Өзенмұнайгаз» АҚ Жас мамандар кеңесінің мүшесі.

Жас мамандардың II СПАРТАКИАДАСЫ

Көптің көкейіндегі сауал:

- Маңғыстаудағы мұнай-газ компаниялары жастарының ортақ мүддесі не?
- Олар бір-бірімен қандай қарым-қатынаста?
- Жас буын қашан және қалай бас қосады?

Маңғыстау мұнайшыларының мақсат-мүддесі бір: қара жердің байлығын тиімді игеріп, пайдалы жұмсау. Сол арқылы елдің дамуына, мемлекеттің экономикалық ахуалына үлес қосу. Осы айқын бағытты жас мамандар да жалғайды. Сондықтан олардың өзара қарым-қатынасы жақсы. Жас буынның басын біріктіретін кәсіби, интеллектуалдық, мәдени шаралар аймақ көлемінде жиі ұйымдастырылып отырады.

Бұл жолы «Өзенмұнайгаз» АҚ Жұртшылықпен байланыс департаменті маңғыстаулық жас мұнайшылардың басын біріктіретін тағы бір ерекше шараға мұрындық болды. Елбасының "Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру" бағдарламасы аясында «Алашорда» үкіметінің құрылғанына 100 жыл толуын атап өтті. Патриоттық бағыттағы шараны салауаттылыққа байланыстырған ұйымдастырушылар Маңғыстау облысындағы мұнай-газ саласы компаниялары жас мамандарының II спартакиадасын өткізді. 20-ға тарта мекеменің командалары бампербол, бильярд сынды спорт түрлерімен қоса арқан тарту, садақ ату, аударыспақ сынды ұлттық ойындар бойынша сайысқа түсті.

«Биік болған белесі, жас мамандар кеңесі. Таба берсін жалғасын ұрпақтарға келесі» деп ұрандатқан жас мұнай саласы қызметкерлері ұлттық ойындарда ерекше ынта-ықыласпен сынға түсті. Дәлдікпен бір нүктені көздеп, садақ атса, жұдырықтай жұмылып, арқан тартты. Аударыспақта қара жердің қойнауынан мұнай өндірген қара күш пен қажырлы еңбектің иелері көрерменді ерекше ықыласына бөленді.

Саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып отыратын жастар ой-сананың дамуына осындай басқосулардың үлесі бар екенін айтты. Мақсатты шаралар мен келелі кездесулер ынтымаққа ұйытқы болып, татулықты нығайтады деп қатысушылар ұйымдастырушыларға алғыстарын білдірді.



II спартакиада қорытындысы бойынша

Бампербол I орын "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ
II орын "Өзенмұнайсервис" ЖШС
III орын "Өзенмұнайгаз" АҚ

Бильярд I орын "Бұрғылау" ЖШС

II орын "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ
III орын "КҚС" ЖШС, "СӨТБ" ЖШС, "KMG EP-Catering" ЖШС, "ҚазГӨЗ" ЖШС

Аударыспақ I орын "ОСК" ЖШС, "ОКК" ЖШС, "ОТК" ЖШС, "МЭМ" ЖШС, "МТК" ЖШС
II орын "КҚС" ЖШС, "СӨТБ" ЖШС, "KMG EP -Catering" ЖШС, "ҚазГӨЗ" ЖШС

III орын "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ

Садақ ату (ерлер - 10 м, әйелдер - 7 м.)

I орын "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ
II орын "Өзенмұнайгаз" АҚ
III орын "Өзенмұнайсервис" ЖШС

Арқан тарту I орын "Бұрғылау" ЖШС

II орын "ОСК" ЖШС, "ОКК" ЖШС, "ОТК" ЖШС, "МЭМ" ЖШС, "МТК" ЖШС
III орын "Өзенмұнайсервис" ЖШС

Жалпы командалық есепте


I орын "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ
II орын "Бұрғылау" ЖШС
III орын "Өзенмұнайгаз" АҚ



ҚУТТЫҚТАЙМЫЗ!



Қадірлі
Жұмағұл Әмірова!



Сізді туған күніңізбен және құрмет демалысына шығуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Өріптестеріңіз 35 жыл мұнай саласында тер төгіп, абыройлы қызмет атқарған Өзіңізді білікті маман, адамгершілігі мол жан ретінде таниды.

Қазақта «биікке шықсаң, көзің ашылады. Жақсымен сөйлессең, көңілің ашылады», деген сөз бар. Сіздей жақсымен сан жылдар бойы жұмыстас болғанымызға біз мақтанамыз. Мереке қарсаңында деніңізге саулық, отбасыңызға береке тілейміз. Немерелер мен жиендер ортасында шаттанып жүре беріңіз. Арайлап атқан әрбір таң Сізге қуаныш пен бақыт әкелсін!

Тойыңа жұрт жиылсын,
Көңілге нұр құйылсын.
Дел осындай демалыс,
Біздерге де бұйырсын!



Құрметпен: МӨҚЖТЖБ ұжымы.



Өріптесіміз **Бақытжан Жүсіпұлын асқаралы 60 жас, Қосай Жұртқанұлын ердің жасы 50-ге** толған мерейлі туған күндерімен шын жүректен құттықтаймыз.

Ел экономикасының өсіп-өркендеуі жолында сүбелі үлес қосып жүрген өздеріңізге мықты денсаулық, жаңуларыңызға амандық, жұмыстарыңызға табыс тілейміз. Сіздердей білікті де білімді мамандары бар компания болашағы жарқын болмақ.

Тәуелсіз мемлекетіміздің өсіп-өркендеуі – экономикамыздың жетекші саласы мұнай-газ өнеркәсібінде тер төгіп жүрген өздеріңдей азаматтарға тікелей байланысты екені сөзсіз. Биіктерді бірге бағындырып, жетістіктерге бірге жетейік!



Ардақты
Ләйла Ғиранқызы!

Ізгі тілекпен: №2 МГӨБ ұжымы.

Сізді 55 жас туған күніңізбен құттықтаймыз. Деніңіз сау, еңбегіңіз жемісті болсын. Қашаңда басқарма басшылығы Сізді білікті маман ретінде құрмет тұтады. Қиын да қызықты жұмысыңызды атқарып, өзіңіздің мекемеңіздің өсіп-өркендеуі жолында аянбай еңбек етіп жүре беріңіз. Мерейтойыңыз қарсаңында өзіңізге, отбасыңызға баянды бақыт, кетпес дәулет тілейміз.



Құттықтаушылар: №2 МГӨБ ұжымы.



БАУЫРЖАННЫҢ БАЛАСЫ – «КАСПИЙ» БАСКЕТБОЛШЫЛАР КЛУБЫНЫҢ ОЙЫНШЫСЫ

Компания қызметкері Бауыржан Жұбаназаровтың 10 жасар ұлы Мейіржан жақында Маңғыстаудың мерейін өсіріп келді. Ол қатысатын «Каспий» баскетболшылар клубы 2006 жылғы және одан кіші ұлдар мен қыздар арасында Орскіде баскетболдан өткен халықаралық турнирден жеңімпаз болып оралды. Клуб турнирде 6 кездесу өткізіп, оның бәрінде жеңген. 9 команда қатысқан жарыста ақтаулық жаттықтырушы Владислав Трофимовтың шәкірттері қатарларына қара ертпеген.



Мейіржан Бауыржанұлы Жұбаназаров – 2007 жылы туған. 2016 жылы әкесі өзінің сүйікті спорты, әрі ұлының қалауы – баскетболға баулу үшін Ақтау қаласындағы «Жас батыр» балалар және жасөспірімдер спорт мектебіне алып барады. Баланың физикалық дайындығына сүйсінген мамандар бойынның кішілігіне қарамай, Мейіржанды клубқа бірден қабылдайды. Бас-аяғы бір жылда ол негізгі ережелерді меңгеріп, жақсы ойын көрсетеді. Маңызды доп беру, шабуыл, қорғаныс тәсілдерін тез үйренеді. Ұзарып, Мейіржан клубтағы белді ойыншылардың біріне айналады.

Отаны Америка Құрама Штаттары болып есептелетін, тарихы 1891 жылдан басталатын баскетбол спортына балаларын жетелеп апарушы ата-аналардың саны көп емес. Алайда осындай қазіргі буынның қызығушылығы аз спорттың бұл түрінің пайдасы ұшан-теңіз. Баскетболшы сырықтай ұзын, дене бітімі сымбатты болуымен қатар, жылдам, епті болады. Сондай-ақ тез ойланып, шапшаң шешім қабылдай алады. Мейіржан: «Каспий» баскетбол клубында болу үлкен жауапкершілікті жүктейді. Сабағымды жақсы оқимын. Сонымен бірге спортқа да қатысамын. Көп нәрсе үйрендім. Жарыста Орскінің бірнеше командасының өзіміз сияқты ойыншыларын жеңдік. Әлде де Маңғыстаудың, Қазақстанның атын шығаруға дайындаламын. Болашақта аты аңызға айналған Майкл Джордан сияқты баскетболшы болғым келеді», - дейді.

Әлемде теңдесі жоқ командалық ойынның елімізде де қарқынды дамып келе жатқанының айқын көріністері бар. Болашақта Мейіржан сынды талапты жас баскетболшылар мемлекет мерейін үстем етері сөзсіз.

Компанияның спорттық сындарында биіктерден көрініп жүрген Бауыржан Жұбаназаровқа ұлын осындай қылып тәрбиелеп жатқанына алғысымызды білдіреміз. Әр ата-ана елге өзі қызмет ете жүріп, «отбасы – шағын мемлекет» екенін ұмытпаса, ұлт азбайды, ұрпақ алысқа ұмтылады.



Кастинг! Кастинг! Кастинг!

ТЕК ҒАНА «ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ!

«Өзенмұнайгаз ТВ» студиясы ақпараттық-шолу, тақырыптық бағдарламалардың жүргізушілеріне кастинг жариялайды. Креативті, жауапкершілікті, дауысы жағымды, келбеті тартымды 25-45 жас аралығындағы кез-келген қызметкер өз жұмысымен қоса, компанияның тыныс-тіршілігінен хабар беретін телестудияда жұмыс жасай алады.

Ол үшін өмірбаянын және телестудия жұмысын дамыту бағытындағы эссе жазып, жеке мәліметтерін толтырып, тапсыру керек. Жазбалар Жұртшылықпен байланыс департаментінде қабылданады.